

Құрметті клиенттер!

Банк ВТБ (Қазақстан) осы арқылы өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып, Банк Басқармасы бекіткен (2021 жылғы 10 наурыздағы № 16 хаттама) (заңды тұлғалар және олардың оқшауланған бөлімшелері (филиалдары, өкілдіктері) үшін) Ағымдағы шотты ашу туралы қосылу шартының (бұдан әрі – Шарт) 1.7-тармағына сәйкес осы Шартқа қосылған және оның талаптары бойынша ағымдағы шоттар ашқан банк клиенттерін 2024 жылғы 01 сәуірден бастап Шарт шеңберінде көрсетілетін төлем қызметтері бойынша банк тарифтерінің мөлшерінің өзгеретіні туралы хабардар етеді, атап айтқанда:

1) Клиенттің өтініші бойынша оған Банкте қызмет көрсетуге байланысты электрондық анықтаманы (оның ішінде Клиенттің айналымы бойынша 1 жылдан аспайтын анықтаманы) "Интернет-банкинг" ҚБҚЖ арқылы электронды түрде алу (ҚҚС есебімен) үшін комиссиялық сыйақы – 0 KZT;

2) Клиентке банктік шотқа ақша аударылған кезде қолма-қол ақшасыз валюта қаражатын айырбастау операциясы (клиенттің шотында қажетті сома болған кезде операцияны жүргізу сәтіндегі Банктің бағамы бойынша) үшін комиссиялық сыйақы – 0 KZT;

Шарттың талаптарына сәйкес хабарлама орналастырылғаннан кейінгі үшінші жұмыс күні сіз банкке уәкілетті өкіліңіз қол қойған жазбаша бас тартуды жіберуге құқылысыз.

Шарттың 1.7-тармағына сәйкес хабарламаны орналастырғаннан кейінгі үшінші күні сіздің уәкілетті өкіліңіз қол қойған жазбаша бас тартуды банктің алмауы сіздің Шарт шеңберінде көрсетілетін төлем қызметтері бойынша банк тарифтерінің мөлшерімен келіскеніңізді куәландыратынын және өзгертілген шарттармен Ағымдағы шотты пайдалануға сіздің ерік білдіруіңіздің жеткілікті растамасы болып табылатынын назарыңызға саламыз. Мұндай келісім толық және сөзсіз деп танылады.

Банктің Директорлар кеңесі бекіткен Тарифтерге енгізілген өзгерістер (2024 жылғы 07 наурыздағы № 05/2024 шешім) Интернет желісінде www.vtb-bank.kz адресі бойынша банк сайтында орналастырылған.

Құрметпен, Банк ВТБ (Қазақстан)